

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 желтоқсан N 1547.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі орталық аппаратының құрылымы осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде қосымшаға сәйкес 198 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне министрдің 4 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 10 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің орталық аппараты үшін 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.
4. "Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері"

туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1807 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 38, 496-құжат) 2-4 тармақтарының;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1807 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 ақпандағы N 147
P960147_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 7, 39-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1547 қаулысына
N қосымша

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі орталық
аппаратының құрылымы

Басшылық

Талдау және макроэкономикалық болжамдар бас басқармасы

Сыртқы экономикалық саясат бас басқармасы

Микроэкономикалық саясат және мониторинг бас басқармасы

Аймақтық саясат бас басқармасы

Инвестициялық саясат басқармасы

Қаржылық бағдарламалау басқармасы

Рыноктың инфрақұрылымы және меншік қатынастары басқармасы

Тауар рыноктарын дамыту басқармасы

Қорғаныс кешені және жұмылдыру бағдарламалары басқармасы

Әлеуметтік саясат бағдарламасы

Ақпараттық жүйелер және технологиялық даму экономикасы басқармасы

Құқықтық сектор

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі

Кадр және арнаулы жұмыстар бөлімі

Жалпы бөлім